

Кемелер экипаждарының ең аз құрамына қойылатын талаптарды белгілеу туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 маусымдағы № 677 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 623 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 623 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

«Ішкі су көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңының 8-бабының 16) тармақшасына және 33-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес кемелер экипаждарының ең аз құрамына қойылатын талаптар белгіленсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2011 жылғы 20 маусымдағы
№ 677 қаулысына
қосымша

Кемелер экипаждарының ең аз құрамына қойылатын талаптар

1. Осы Кемелер экипаждарының ең аз құрамына қойылатын талаптар (бұдан әрі - талаптар) «Ішкі су көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді және кемені қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету, кеме бортында жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің талаптарын орындау үшін жеткілікті өздігінен жүзетін кемелер экипаждарының ең аз құрамына қойылатын талаптарды айқындайды.

2. Талаптар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде және Жалға алынған шетелдік кемелер тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын өздігінен жүретін кемелерге қолданылады.

3. Ішкі суда өздігінен жүзетін кеме экипаждарының ең аз құрамына мынадай лауазымдар к і р е д і :

1) капитан - механик ;

- 2) к а п и т а н ;
- 3) м е х а н и к ;
- 4) к е м е жүргізушісі-кеме механигі;
- 5) к е м е жүргізушісі;
- 6) к е м е м е х а н и г і ;
- 7) э л е к т р о м е х а н и к .

4. Аралас (өзен-теңіз) жүзудің өздігінен жүзетін көліктік кемелері экипаждарының ең аз құрамына мынадай лауазымдар кіреді:

- 1) к а п и т а н ;
- 2) капитанның аға көмекшісі;
- 3) капитанның екінші көмекшісі;
- 4) капитанның үшінші көмекшісі;
- 5) аға механик ;
- 6) екінші механик ;
- 7) үшінші механик ;
- 8) төртінші механик ;
- 9) электромеханик (электрик);
- 10) радио маманы ;
- 11) к е м е а с п а з ы .

5. Экипаж саны ішкі суда өздігінен жүзетін кеме экипаждарының ең аз құрамының нормативтерінен (осы талаптарға 1-қосымша) және аралас (өзен-теңіз) жүзудің өздігінен жүзетін көліктік кемелері экипаждарының ең аз құрамының нормативтерінен (осы талаптарға 2-қосымша) аз болған кезде кемені пайдалануға рұқсат етілмейді.

6. Ең аз құрамға жолаушыларға, кемелердің командалық құрамына және кеме командасына қызмет көрсететін қызметкерлер кірмейді.

7. Тез бүлінетін жүктерді тасымалдайтын кемелердегі кеме экипажының ең аз құрамында рефрижераторлық қондырғылар жөніндегі механик лауазымы көзделеді.

Басты дизель-электр қондырғысы бар кемелердегі ең аз құрамға жолаушылар кемесінде екі электромеханик және басқа үлгідегі кемелерде бір электромеханик енгізіледі.

«А» нышаны жоқ, қызмет көрсететін бір немесе екі құрылғы мен жүйелер бойынша автоматтандыру талаптарын қанағаттандырмайтын кемелерде ең аз құрам бір моторшы матросқа (рульдеушіге) ұлғайтылады.

«А» нышаны бар, қызмет көрсететін бір немесе екі құрылғы мен жүйелер бойынша автоматтандыру талаптарын қанағаттандырмайтын кемелерде ең аз құрам тиісті мамандығы бар бір маманға ұлғайтылады.

8. Кеме экипажынсыз пайдаланылатын екі және одан артық баржаларды (

қосалқы баржаларды) жүк теплоходтарын және сүйрейтін кемелермен (итергіштермен) жүргізген кезде өздігінен жүзетін кеме экипажының штатына әрбір екі баржаға қатардағы құрамның бір адамы қосылады.

Ұзындығы 75 метрден астам өздігінен жүзетін кемелердің немесе ұзындығы 75 метрден астам құрамның жұмысы кезінде кемеңің (құрамның) алдыңғы және артқы жағында бір мезгілде арқандап байлауды (арқанды шешуді) қамтамасыз ететін қатардағы құрам саны кемінде екі адамды құрайды.

9. Осы талаптарды есепке ала отырып, кеме иесі экипаждың штат кестесін әзірлейді және бекітеді, ол кемеге оны пайдалануға енгізгенге дейін беріледі.

К е м е э к и п а ж д а р ы н ы ң е ң а з
қ ұ р а м ы н а қ о й ы л а т ы н т а л а п т а р ғ а
1-қосымша

Ішкі суда өздігінен жүзетін кеме экипаждарының ең аз құрамының нормативтері

Автоматтандыру дәрежесі		Экипаж құрамының ең аз саны						
		Кеме қатынасы тіркелімінің класындағы «А» нышаны бар кемелер				Кеме қатынасы тіркелімінің кланышанысыз кемелер		
Кемелерді уақыт бойынша пайдалану тәртібі		Сағат 12-ні қоса алғанда, оған дейін	Сағат 16-ны қоса алғанда, оған дейін	Тәулік бойы		Сағат 12-ні қоса алғанда, оған дейін	Сағат 16-ны қоса алғанда, оған дейін	Тәулік бойы
Кеме экипаждарының уақыт бойынша жұмыс тәртібі		1	2	8 сағаттан 3	1 2 сағаттан 2	1	2	8 сағаттан 3
Кемелер тобы	Кәсіптік құрамы	ауысымды	ауысымды	ауысымды	ауысымды	ауысымды	ауысымды	ауысымды
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Өздігінен жүретін құрғақ жүк кемелері								
Жүккөтергіштігі 600 тоннаны қоса алғанда, оған дейін	Капитан-механик	1	1	1	1	-	-	-
	Капитан	-	-	-	-	1	1	1
	Механик	-	-	-	-	1	1	1
	К е м е жүргізуші-кеме механигі	-	1	2	1	-	-	-
	Кеме жүргізушісі	-	-	-	-	-	1	2
	Кеме механигі	-	-	-	-	-	1	2
	Қатардағы құрам	2	2	3	2	2	4	6
	Электромеханик (электрик)	1	1	1	1	1	1	1
	Барлығы:	4	5	7	5	5	9	13
	Капитан-механик	1	1	1	1	-	-	-

Жүккөтергіштігі 601-1000 тонна	Капитан	-	-	-	-	1	1	1
	Механик	-	-	-	-	1	1	1
	К е м е жүргізушісі-кеме механигі	-	1	2	1	-	-	-
	Кеме жүргізушісі	-	-	-	-	-	1	2
	Кеме механигі	-	-	-	-	-	1	2
	Қатардағы құрам	2	2	2	2	1	2	4
	Барлығы:	3	4	5	4	3	6	10
Жүккөтергіштігі 1001-2400 тонна	Капитан-механик	1	1	1	1	-	-	-
	Капитан	-	-	-	-	1	1	1
	Механик	-	-	-	-	1	1	1
	К е м е жүргізушісі-кеме механигі	-	1	2	1	-	-	-
	Кеме жүргізушісі	-	-	-	-	-	1	2
	Кеме механигі	-	-	-	-	-	1	2
	Қатардағы құрам	2	2	3	2	2	4	6
	Электромеханик (электрик)	1	1	1	1	1	1	1
	Барлығы:	4	5	7	5	5	9	13
Жүккөтергіштігі 2401-550 тонна	Капитан-механик	-	-	1	1	-	-	-
	Капитан	-	-	-	-	-	-	1
	Механик	-	-	-	-	-	-	1
	К е м е жүргізушісі-кеме механигі	-	-	2	1	-	-	-
	Кеме жүргізушісі	-	-	-	-	-	-	2
	Кеме механигі	-	-	-	-	-	-	2
	Қатардағы құрам	-	-	4	3	-	-	6
	Электромеханик (электрик)	-	-	1	1	-	-	1
	Барлығы:	-	-	8	6	-	-	13
Өздігінен жүзетін мұнай құйылатын (танкерлер)								
Жүккөтергіштігі 599 тоннаға дейін	Капитан-механик	1	1	1	1	-	-	-
	Капитан	-	-	-	-	1	1	1
	Механик	-	-	-	-	1	1	1
	К е м е жүргізушісі-кеме механигі	-	1	2	1	-	-	-
	Кеме жүргізушісі	-	-	-	-	-	1	2
	Кеме механигі	-	-	-	-	-	1	2
	Қатардағы құрам	2	2	2	2	1	2	2
	Барлығы:	3	4	5	4	3	6	8

Жүккөтергіштігі 600-1500 тонна	Капитан-механик	-	1	1	1	-	-	-
	Капитан	-	-	-	-	-	1	1
	Механик	-	-	-	-	-	1	1
	К е м е жүргізушісі-кеме механигі	-	1	2	1	-	-	-
	Кеме жүргізушісі	-	-	-	-	-	1	2
	Кеме механигі	-	-	-	-	-	1	2
	Қатардағы құрам	-	2	3	2	-	4	6
	Электромеханик (электрик)	-	1	1	1	-	1	1
	Барлығы:	-	5	7	5	-	9	13
Жүккөтергіштігі 1501-3300 тонна	Капитан-механик	-	-	1	1	-	-	-
	Капитан	-	-	-	-	-	-	1
	Механик	-	-	-	-	-	-	1
	К е м е жүргізушісі-кеме механигі	-	-	2	1	-	-	-
	Кеме жүргізушісі	-	-	-	-	-	-	2
	Кеме механигі	-	-	-	-	-	-	2
	Қатардағы құрам	-	-	4	3	-	-	7
	Электромеханик (электрик)	-	-	1	1	-	-	1
	Барлығы:	-	-	8	6	-	-	14
Жүккөтергіштігі 3301 тонна және одан артық	Капитан-механик	-	-	1	1	-	-	-
	Капитан	-	-	-	-	-	-	1
	Механик	-	-	-	-	-	-	1
	К е м е жүргізушісі-кеме механигі	-	-	2	1	-	-	-
	Кеме жүргізушісі	-	-	-	-	-	-	2
	Кеме механигі	-	-	-	-	-	-	2
	Қатардағы құрам	-	-	4	3	-	-	7
	Электромеханик (электрик)	-	-	1	1	-	-	1
	Боцман	-	-	1	1	-	-	1
Барлығы:	-	-	9	7	-	-	15	
Сүйреткіштер және итергіштер								
Б а с т ы қозғалтқыштарының	Капитан-механик	1	1	1	1	-	-	-
	Капитан	-	-	-	-	1	1	1
	Механик	-	-	-	-	1	1	1
	К е м е жүргізушісі-кеме механигі	-	1	2	1	-	-	-

қуаты 55-тен 184 квт-қа дейін	Кеме жүргізушісі	-	-	-	-	-	1	2
	Кеме механигі	-	-	-	-	-	1	2
	Қатардағы құрам	1	1	1	1	1	1	1
	Барлығы:	2	3	4	3	3	5	7
Қуаты 185-тен 300 квт-қа дейін	Капитан-механик	1	1	1	1	-	-	-
	Капитан	-	-	-	-	1	1	1
	Механик	-	-	-	-	1	1	1
	К е м е жүргізушісі-кеме механигі	-	1	2	1	-	-	-
	Кеме жүргізушісі	-	-	-	-	-	1	2
	Кеме механигі	-	-	-	-	-	1	2
	Қатардағы құрам	2	2	2	2	1	1	1
	Барлығы:	3	4	5	4	3	5	7
Қуаты 301-ден 750 квт-қа дейін	Капитан-механик	1	1	1	1	-	-	-
	Капитан	-	-	-	-	1	1	1
	Механик	-	-	-	-	1	1	1
	К е м е жүргізушісі-кеме механигі	-	1	2	1	-	-	-
	Кеме жүргізушісі	-	-	-	-	-	1	2
	Кеме механигі	-	-	-	-	-	1	2
	Қатардағы құрам	2	2	3	3	2	4	6
	Электромеханик (электрик)	1	1	1	1	1	1	1
	Барлығы:	4	5	7	6	5	9	13
Қуаты 751 квт және одан артық	Капитан-механик	-	-	1	1	-	-	-
	Капитан	-	-	-	-	-	-	1
	Механик	-	-	-	-	-	-	1
	К е м е жүргізушісі-кеме механик	-	-	2	1	-	-	-
	Кеме жүргізушісі	-	-	-	-	-	-	2
	Кеме механигі	-	-	-	-	-	-	2
	Қатардағы құрам	-	-	4	3	-	-	7
	Электромеханик (электрик)	-	-	1	1	-	-	1
	Барлығы:	-	-	8	6	-	-	14
Су ығыстырғыш жолаушы кемелері								
	Капитан-механик	1	1	1	1	-	-	-
	Капитан	-	-	-	-	-	-	-
	Механик	-	-	-	-	-	-	-

Отыратын орындары 100 орынға дейін	К е м е жүргізушісі-кеме механигі	-	1	2	1	-	-	-
	Қатардағы құрам	2	2	4	3	-	-	-
	Барлығы	3	4	7	5	-	-	-
Отыратын орындары 101 орын және одан артық	Капитан-механик	1	1	1	1	-	-	-
	Капитан	-	-	-	-	-	-	-
	Механик	-	-	-	-	-	-	-
	К е м е жүргізушісі-кеме механигі	-	1	2	1	-	-	-
	Қатардағы құрам	2	2	4	3	-	-	-
	Барлығы	3	4	7	5	-	-	-
Су асты қанаттары бар жүрдек кемелер	Капитан-механик	1	1	1	-	-	-	-
	К е м е жүргізушісі-кеме механигі	-	1	2	-	-	-	-
	Қатардағы құрам	2	4	4	-	-	-	-
	Барлығы:	3	6	7	-	-	-	-

К е м е э к и п а ж д а р ы н ы ң е ң а з қ ұ р а м ы н а қ о й ы л а т ы н т а л а п т а р ғ а 2-қосымша

Аралас (өзен-теңіз) жүзудің өздігінен жүзетін көліктік кемелері экипаждарының ең аз құрамының нормативтері

Экипаждардың ең аз құрамы	Кеме экипаждарының шағын құрамының саны					
	Кеме қатынасы тіркелімінің А, А-1, А-2, А-3 белгісі бар кемелері			Кеме қатынасы тізілімі класындағы автоматтандыру белгісі жоқ кемелер		
Теңізде жүзу түрі	Ш е т е л д е р г е жүзу	Жағалауда жүзу		Шет елдерге жүзу	Жағалауда жүзу	
Кеме экипаждарының жұмыс режимі	3 ауысымды	3 ауысымды	2 ауысымды	3 ауысымды	3 ауысымды	2 ауысымды
Экипаждың кәсіптік құрамы						
1	2	3	4	5	6	7
Капитан	1	1	1	1	1	1
Капитанның аға көмекшісі	1	1	1	1	1	1
Капитанның екінші көмекшісі	1	1	-	1	1	-
Капитанның үшінші көмекшісі	-	-	-	-	-	-
Аға механик	1	1	1	1	1	1
Екінші механик	-	-	-	1	1	1
Үшінші механик	1/0	1/0	1/0	1	1	-
Төртінші механик	-	-	-	-	-	-

Электромеханик (электрик)	1	1	1	1	-	1
Қатардағы құрам	3	3	2	3	3	2
Радио маманы	1/0	1/0	1/0	1/0	1/0	1/0
Кеме аспазы	1	1	1	1	1	1
Барлығы:	11/9	11/9	9/7	12/11	11/10	9/8
Кәсіптерді командалық және қатардағы құрам қоса атқарған кезде (шет елдерге жүзуге шықпай)						
Капитан-механик (механиктің көмекшісі)	-	1	1	-	-	-
Капитанның көмекшісі-механиктің көмекшісі	-	2	1	-	-	-
Электромеханик-электромеханиктің көмекшісі	-	1	1	-	-	-
Қатардағы құрам	-	3	2	-	-	-
Кеме аспазы	-	1	1	-	-	-
Барлығы:	-	8	6	-	-	-

Е с к е р т п е :

- 1) Кеме қатынасы тіркелімінің А-1, А-2, А-3 белгісі бар кемелердегі экипаждың ең аз құрамында бір механик болуы мүмкін;
- 2) 1978 жылғы Хаттамамен (СОЛАС 47/78) өзгертілген 1974 жылғы Теңізде адам өмірін қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияның талаптарынан белгіленген тәртіппен алып тастаулар болған кезде құрамның ең аз санында радио маманы көзделмейді.